




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ №32 БЮЛЛЕТЕНІ

2026 ж. 07 тамыз, жұма



1-сурет. 2026 ж. 04 тамыз ғарыштан түсірілген Каспий теңізінің
NASA/GSFC фотосуреті

**2026 Ж. 06 – 11 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ОРТАҢҒЫ БӨЛІГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖӘНЕ
ЖЕЛШЕГЕРМЕ ЖӘНЕ ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ
БОЛЖАМЫ**


ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІ.

06 – 11 тамыз аралығында теңіз деңгейінің минус 29,38 м БЖ шамасында ауытқуы күтілуде. Теңіз деңгейінің ауытқу диапазоны минус 28,93 м БЖ-нен минус 29,69 м БЖ аралығында болуы мүмкін.

2-суретте Каспий теңізінің Ортаңғы бөлігіндегі әртүрлі нүктелердегі теңіз деңгейінің болжамды мәндерінің графигі көрсетілген.

ЖЕЛШЕГЕРМЕ-ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАР.

Форт-Шевченко, Құрық, Фетисово Саура, Ақтау, Песчаный және Махачкала аймағында желшегерме және желкөтерме құбылыстары күтілмейді, теңіз деңгейінің ауытқуы 11 см-ден аспайды.



2-сурет. Орта Каспий пункттеріндегі теңіз деңгейінің болжамы

2026 Ж. 06 – 11 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖӘНЕ ЖЕЛШЕГЕРМЕ- ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ БОЛЖАМЫ


ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІ.

Қарастырылған уақыт аралығында теңіз деңгейінің минус 29,13 м БЖ шамасында ауытқуы күтілуде. Теңіз деңгейінің ауытқу диапазоны минус 28,77 м БЖ-нен минус 29,49 м БЖ аралығында болуы мүмкін.

3-суретте Каспий теңізінің Солтүстік бөлігіндегі әртүрлі нүктелердегі теңіз деңгейінің болжамды мәндерінің графигі көрсетілген.

ЖЕЛШЕГЕРМЕ-ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАР.

Құлалы, Тюлений, Пешной аймағында желшегерме және желкөтерме құбылыстары күтілмейді, теңіз деңгейінің ауытқуы **12 см-ден аспайды**.



3-сурет. Солтүстік Каспий пункттеріндегі теңіз деңгейінің болжамы

ҚАЗАҚСТАН ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ПУНКТТЕРІНДЕ БОЛАТЫН ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНІҢ БОЛЖАМАЛЫ МӘНДЕРІ

Пункттың атауы	Ең жоғары		Ең төмен		Орташа
	теңіз деңгейі, см (БЖ м)	күні, уақыты. ГОУ*	теңіз деңгейі, см (БЖ м)	күні, уақыты. ГОУ*	теңіз деңгейі, см (БЖ м)
Орта Каспий					
Форт Шевченко	-135 (-29,35)	09/08/2026 09:00:00	-143 (-29,43)	10/08/2026 09:00:00	-139 (-29,39)
Саура	-137 (-29,37)	09/08/2026 09:00:00	-145 (-29,45)	10/08/2026 09:00:00	-141 (-29,41)
Құрық	-160 (-29,60)	06/08/2026 12:00:00	-169 (-29,69)	06/08/2026 18:00:00	-165 (-29,65)
Ақтау	-145 (-29,45)	09/08/2026 08:00:00	-156 (-29,56)	06/08/2026 18:00:00	-148 (-29,48)
Фетисово	-112 (-29,12)	08/08/2026 20:00:00	-123 (-29,23)	07/08/2026 00:00:00	-117 (-29,17)
Песчаный	-156 (-29,56)	08/08/2026 18:00:00	-161 (-29,61)	09/08/2026 20:00:00	-158 (-29,58)
Махачкала	-93 (-28,93)	10/08/2026 23:00:00	-101 (-29,01)	11/08/2026 11:00:00	-97 (-28,97)
Солтүстік Каспий					
Пешной	-77 (-28,77)	11/08/2026 12:00:00	-85 (-28,85)	07/08/2026 00:00:00	-79 (-28,79)
Құлалы	-138 (-29,38)	09/08/2026 11:00:00	-149 (-29,49)	08/08/2026 00:00:00	-145 (-29,45)
Тюлений	-108 (-29,08)	09/08/2026 07:00:00	-120 (-29,20)	08/08/2026 19:00:00	-116 (-29,16)

ГОУ*- гринвич орташа уақыты

2026 Ж. 30 ШІЛДЕ – 05 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖАҒДАЙЫНА ШОЛУ

Қазгидрометтің Пешной, Құлалы аралы теңіз станциялары мен посттарының, сондай-ақ Росгидрометтің (Тюлений аралы) жедел мәліметтері бойынша, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде теңіз деңгейінің орташа мәні минус 29,15 м БЖ-не, ең жоғарғы мәні минус 28,68 м БЖ-не, ең төменгі мәні минус 29,46 м БЖ-не сәйкес келді.

Қазгидрометтің Форт-Шевченко, Ақтау, Фетисово, Саура, Құрық, Песчаный теңіз станциялары мен посттарының және Росгидрометтің (Махачкала) жедел мәліметтері бойынша, Каспий теңізі суы терең бөлігінде деңгейінің орташа мәні минус 29,41 м БЖ-не, ең жоғарғы мәні минус 29,02 м БЖ-не, ең төменгі мәні минус 29,70 м БЖ-не сәйкес келді.

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒАЛАУДАҒЫ ЖЕЛШЕГЕРМЕ-ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ҚАУІП-ҚАТЕР ӨЛШЕМДЕРІ

	Көтерілу/Төмендеу, см	Сипаттамасы***	Салдары
желкөтерме	49	критикалық	жағалаудың су басуы 5 км-ге дейін
	60	қауіпті	бөгеттер мене үйлердің су басуы 10 км дейін
	109	аса қауіпті	жағалаудың су басуы, бөгеттердің және үйлердің су басуы 10 км астам
желшегерме	-46	критикалық	кішкене кемелердің жүзуінің қиындауы
	-60	қауіпті	кішкене және орта кемелердің жүзуінің қиындауы
	-104	аса қауіпті	кемелер қайынға тұрып қалуы мүмкін

**Есептік сипаттамалар "Қазгидромет" РМК-да Каспий теңізінің жағдайына бейімделген Mike 21 Flow Model моделінің гидродинамикалық модулін пайдалану кезінде алынды. Есептеу барысында теңіз деңгейін бақылау мәлеметтері және 24-120 сағаттың қысым алабының сандық болжауы пайдаланылған.*

***Ерекше белгілерді анықтаған кезде жергілікті жағдайлар есепке алынды.*

****Желшегерме-желкөтерме құбылыстары биіктігінің өте қиын кезеңі 50% қамтамасыздықпен, қауіпті - 25% қамтамасыздығымен, аса қауіпті - 2 % қамтамасыздығымен анықталды. Есептеу 1940-2024 жж. Т Пешной деректері бойынша жасалған.*

БЖ – Балтық жүйесі

Бюллетень Каспий теңізінің гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасында
құрастырылды

Мекенжайы: 010000, Астана, Мәңгілік Ел даңғ. 11/1, Тел.: 279-83-12
e-mail: ugmikh@meteo.kz

Бюллетеньдегі материалдарды пайдаланған кезде міндетті түрде
«Қазгидромет» РМК-ге сілтеме жасау керек.
